Дербес компьютерлер ойын-сауыққа, оқуға, жұмысқа және әр түрлі міндеттерді шешуге арналған.

Шартты белгілер



Ескерту

Құрылғының дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін сақтаңыз.



Ескерту

Құрылғының істен шығуын болдырмау үшін сақтаңыз.



Тыйым салынған әрекет туралы ескерту

Сақтамау құрылғының істен шығуына әкеледі.



Ескертпе

Құрылғының жұмысы туралы маңызды ақпарат.

Сақтық шаралары

«DEXP» маркасының жүйелік блогы — заманауи іскерлік, ойын және мульти-медиа-қосымшаларын қолдауды қамтамасыз ете алатын күрделі әрі қымбат тұратын электрондық құрылғы. Бірақ сонымен қатар жүйелік блок оны пайдалану, тасымалдау және оған күтім көрсету кезінде мұқият әрі ұқыпты қарауды, сондай-ақ онымен сауатты жұмыс істеуді қажет етеді.

Жүйелік блок барлық қауіпсіздік және зақымданудан қорғау нормаларын сақтай отырып жасалған, бірақ зақымдануларды немесе жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін жүйелік блогты пайдалану кезінде қауіпті жағдайларды болдырмайтын белгілі бір шараларды сақтауға тиіссіз.

- Жүйелік блок, сондай-ақ онымен бірлесіп пайдаланылатын шеткері құрылғылар (монитор, принтер және т.б.) жерге тұйықталған электр қуат розеткаларына қосылуға тиіс. Жерге тұйықтау тізбегінің кедергісі 0,1 Омнан аспауы тиіс.
- Жүйелік блогты кернеуі 220 В және жиілігі 50 Гц электр қуат желісіне ғана қосыңыз.
- Электр желісіндегі кернеу қуат блогының кернеуіне сәйкес болуы тиіс. Қуат блогын электр желісінің қолданыстағы кернеуіне ауыстыру оның артқы қабырғасындағы ауыстырып-қосқышпен жасалады. Егер мұндай ауыстырғыш болмаса, жүйелік блогты 220 В кернеу желісінде ғана пайдалануға болады. Егер сіз бөтен өндірушінің қуат блогын пайдалансаңыз, оның жұмыс кернеуінің сіздің электр желіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (жұмыс кернеуінің мәні, әдетте, қуат блогы корпусының артқы қабырғасында көрсетіледі).
- Жүйелік блогты электр энергиясын көп тұтынатын құрылғылармен бір розеткаға қоспауға тырысыңыз.
- Осы нұсқаулықта көзделген теңшеулер мен реттеулерді ғана жүргізіңіз.
- Бұйымды соққылар мен дірілден сақтаңыз.
- Жүйелік блогты немесе оған қосылатын құрылғыларды жылыту аспаптарының (мысалы, орталық жылыту батареяларының) жанына орнатпаңыз.
- Жүйелік блогты немесе оған қосылатын құрылғыларды ылғалдылығы жоғары және шаң жерлерге орнатпаңыз.
- Көшеден әкелінген жүйелік блогты қосар алдында немесе оған қандай да бір құрылғыны қосар алдында, жабдық бөлме температурасына дейін жылынуы үшін кемінде 2 сағат уақыт қоспай ұстау қажет. Осы уақыттың ішінде жүйелік блок жылынады, сондай-ақ температуралардың күрт өзгеруінен пайда болған конденсат бұға айналып ұшып кетеді.
- Жүйелік блогты ол құлап кетуі мүмкін орнықты емес беттерге орнатпаңыз. Бұл оның істен шығуына және адамдардың жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Жүйелік блогты тікелей күн сәулесінен, температураның күрт өзгеруінен және ылғалдықтан сақтаңыз.
- Жүйелік блогты күштік кабель қозғалуға кедергі жасамайтындай етіп орналастырыңыз. Күштік кабельде ешқандай бөтен заттар тұрмауы тиіс.
- Корпустың ішіндегі, жүйелік блогтың қақпағындағы және артқы панеліндегі желдету тесіктері, бұйымды қызып кетуден қорғай отырып, жақсы желдетуді қамтамасыз ететіндей орналасқан. Бұл тесіктер әрқашан ашық қалуы тиіс.
- Жүйелік блогты бүйір қақпағы алынған кезде қоспаңыз. Корпустың ішіне және жүйелік блогтың ішіне кез келген заттардың түсуіне және бетіне кез келген сұйықтықтардың төгілуіне жол бермеңіз.
- Қалыпты желдетуді қамтамасыз ету үшін, жүйелік блогты жылыту батареяларының жанына немесе үстінен немесе суық ауа ағыны шектелген қандай да бір жиһаз заттарының ішіне орнатпаңыз.

- Жүйелік блоктың корпусының ішін тазалау алдында күштік кабельді розеткадан ажыратыңыз. Сұйық және күйдіргіш заттарды, пластмасса еріткіштерін немесе аэрозольдерді, жемір тазалағыш құралдарды қолданбаңыз, сүрту үшін жұмсақ матаны пайдаланыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар оларды бақылайтын жағдайларды қоспағанда. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат етпеңіз.
- Мына жағдайларда жүйелік блокты қуат көзінен дереу ажыратып, сервис орталығына жүгініңіз:
 - қуат кабелі немесе ағытпалар зақымдалған немесе ақаулықтары болған жағдайда;
 - жүйелік блокқа ылғал түскен жағдайда;
 - пайдалану бойынша барлық нұсқаулықтар сақталғанмен жүйелік блок жұмыс істемеген жағдайда.
- Жүйелік блокты бүйіріне аудармаңыз – бұл оның ішіндегі кейбір құрылғылардың бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.
- Компьютерді және басқа жабдықтарды күшті электрмагниттік және радиожелілік кедергілерін туғызатын, жабдықтың қалыпты жұмыс істеуіне әсер ететін көздерге жақын орнатпаңыз.

Электр желісіндегі кедергілерден қорғау

Электр желісіндегі кернеудің ауытқулары компьютердің жұмысында іркілістер тудыруы мүмкін. Компьютердің қуат блогы кернеудің ауытқуына төзімді болғанына қарамастан, сапасыз (стандартқа сәйкес келмейтін) электр қуаты кезінде ол зақымдалуы мүмкін. Осыған байланысты электр қуат беру кемшіліктерінен қорғауға арналған құрылғыларды сатып алып пайдаланған жөн. Бұл құрылғылардың үш түрі болады: желілік сүзгілер, тұрақтандырғыштар және үздіксіз қуат беру көздері.

Желілік сүзгі

Электр қуат беру кемшіліктерінен қорғауға арналған ең қарапайым құрылғы. Желілік сүзгі компьютерді тек жоғары жиілікті импульстік кедергілерден, қысқа тұйықталудан, найзағайдан, электр энергиясын көп тұтынатын құрылғылардың жұмысынан және т.б. туындайтын қысқа мерзімді (секундтың мыңдық үлесі тері) кернеу секірісінен ғана қорғайды.

Кернеуді тұрақтандырғыш

Бір өзі желілік сүзгі және кернеуді тұрақтандырғыш функцияларын орындайды. Ол импульстік кедергілерді сүзіп қана қоймай, кіріс кернеуінің $\pm 30\text{--}40\%$ дейін ауытқуы кезінде тұрақты кернеуді шығысында (220 Вольт) ұстап тұрады. Тұрақтандырғыштың қуаты кемінде 250 Вт болуы тиіс.

Үздіксіз қуат беру көзі (ҮҚК)

Компьютерді электр қуат беру кемшіліктерінен мейлінше толық қорғайды. Компьютердің және оған қосылған құрылғылардың жұмысын тіпті электр энергиясы толық болмаған жағдайда да қамтамасыз ететін аккумуляторлық батареялары бар. Мұндай режимде компьютер және оған қосылған құрылғылар 10 минуттан бірнеше сағатқа дейін (ҮҚК қуатынажәне қосылған құрылғылардың жиынтық энергия тұтынуына қарай) жұмыс істей алады. Бұл уақыт жұмыс құжаттарын сақтауға үлгеру, жұмыс сеансын дұрыс аяқтау және деректердің жоғалуына жол бермеу үшін жеткілікті.

Пайдалану шарттары

Жүйелік блокты пайдаланған кезде оның жұмыс қабілетін ұзақ мерзім ұстауға мүмкіндік беретін бірқатар ережелерді сақтау керек.

Жүйелік блоктар жабық жылытылатын бөлмелерде, мына параметрлермен айқындалатын қалыпты климаттық жағдайларда тәулік бойы, ауысымдық немесе кезеңдік жұмыс жағдайында пайдалануға арналған:

- қоршаған ауа температурасы $20 (\pm 5) ^\circ\text{C}$;
- қоршаған ауаның салыстырмалы ылғалдылығы $60 (\pm 20) \%$, ылғал конденсациясына жол берілмейді;
- атмосфералық қысымы 84-тен 107 кПа дейін (630–800 мм рт. ст.).

Жабдық қосулы тұрған кезде корпусты ашпаңыз, кабельдерді компьютерге және шеткірегі құрылғыға қоспаңыз және олардан ажыратпаңыз. Жүйелік блоктың элементтерін ауыстырған кезде өндіруші ұсынатын компоненттерді ғана орнатыңыз.

Қосулы компьютерді қараусыз қалдырмаңыз. Компьютермен ұзақ уақыт жұмыс істеген кезде, көзді шамадан тыс шаршатпау үшін, әр 2 сағат сайын 5-10 минутқа үзіліс жасап отырыңыз.

Компьютермен жұмыста ұзақ үзіліс болған кезде электр қуат кабельдерінің айырларын электр желі розеткаларынан суыру қажет.





Ескертпе

Жүйелік блок, электрондық құрылғы ретінде, кең диапазонды жиілікте радиотолқындар өндіреді, олар теле- және радиосигналдарды сенімсіз қабылдау себебі болуы мүмкін. Кедергілерді төмендегі тәсілдердің біреуімен жоюға болады:

- теледидардың (радиоқабылдағыштың) қабылдау антеннасының бағдарын өзгерту;
- жүйелік блок пен радиотолқындарды қабылдағыштың арасындағы қашықтықты арттыру;
- антеннаға қосымша жиілікті сүзгіні орнату;
- жүйелік блокты және радиотолқындар қабылдағышын электр желісінің түрлі «фазаларына» қосылған розеткаларға қосыңыз;
- сатушыдан немесе тәжірибелі радио- немесе телемастерден көмек сұраңыз.

Құрылғының схемасы





- | | |
|--------------------------------|---------------------------------|
| 1. USB Type-A. | 13. LAN порты. |
| 2. USB Type-A. | 14. SPDIF OUT порты. |
| 3. Құлаққапқа арналған ағытпа. | 15. REAR порты. |
| 4. Микрофонға арналған ағытпа. | 16. C/SUB порты. |
| 5. «Қосу/Сөндіру» батырмасы. | 17. MIC ON порты. |
| 6. Қайта жүктеу батырмасы. | 18. LINE OUT порты. |
| 7. USB Type-A. | 19. LINE IN порты. |
| 8. PS/2 порты. | 20. Display port порты. |
| 9. USB Type-A. | 21. DVI-D порты. |
| 10. HDMI порты. | 22. VGA порты. |
| 11. Display port порты. | 23. HDMI порты. |
| 12. USB Type-A. | 24. «Қосу/Сөндіру» ауыстырғышы. |
| | 25. Қуат ағытпасы. |

Құрылғы компоненттерінің сипаттамасы

Корпус

Жүйелік блоктың барлық компоненттерінің сенімді орнатылуын қамтамасыз етеді. Компьютердің моделіне қарай, корпусының габариттік өлшемдері әртүрлі болуы мүмкін: Mini-Tower | Midi-Tower | Big-Tower | Desktop | Slim-Desktop.

Қуат блогы

Кернеуі 220 В электр қуат беру желісінің айнымалы тогын жүйелік блоктың барлық құрылғыларына қуат беру үшін қажетті тұрақты токқа түрлендіреді. Моделіне қарай 180-нен 800 Вт дейін максималды қуаты болады.

Жүйелік («аналық») плата

Жүйелік блоктың негізгі электрондық платасы, оған орталық процессор, жедел жад, кеңейту платалары орнатылады. Жүйелік блоктың моделіне қарай жүйелік платада әртүрлі енгізу-шығару құрылғылары біріктірілуі мүмкін: бейне-контроллер, желілік адаптер, дыбыс адаптері және т.б. Компьютердің барлық ішкі жүйелерінің өнімділігі жүйелік платада орнатылған микросхемалар жинағының (чипсеттің) түріне байланысты.

Орталық процессор

Барлық программаларды өңдейтін негізі есептегіш құрылғы. Жүйелік блоктың моделіне қарай, өнімділігі мен өндірушілері әртүрлі болып келетін орталық процессорларды орнатуға болады. Орталық процессор әрқашан салқындату жүйесімен жабдықталады (радиатор+салқындату желдеткіші).

Жедел жад

Компьютерлік жад жүйесінің энергияға тәуелді бөлігі, онда компьютер жұмыс істеген кезде орындалатын машиналық код (программалар), сондай-ақ процессор өңдейтін кіріс, шығыс және аралық деректер сақталады.



Ескерту

Дербес компьютер сынбауы үшін жедел жадты үдету операциясын тек авторландырылған сервистік орталықтарда ғана жүргізген жөн.

Тұрақты жад

Моделіне қарай Сіздің жүйелік блогыңызда қатты диск немесе қатты денелі жинақтағыш орнатылуы мүмкін. Қатты дискіде (қатты денелі жинақтағышта) операциялық жүйе, барлық негізгі қолданбалы программалар және пайдаланушының деректер файлдарының көпшілігі орналасқан. Қатты дискілерді қатты дискілер контроллеріне (аналық платада орналасқан) қосылу интерфейсі мен максималды сыйымдылығына қарай ажыратады.



Ескерту

Қатты дискіні пайдаланбас бұрын, оны форматтап алыңыз да бөлімдерге бөліңіз.



Ескертпе

Қатты дискілерді өндірушілер дискінің сыйымдылығын «нағыз» гигабайтта (230=1'073741'824) емес, «ондық» гигабайтта (1'000'000'000) белгілейді.

Операциялық жүйелер сыйымдылықты «нағыз» гигабайтта көрсетеді.

Мысалы, сыйымдылығы 40 Гбайт (40'000'000'000) қатты дискі үшін операциялық жүйе шамамен 37 «нағыз» гигабайтты көрсетеді.

Бейнеадаптер

Мониторға ақпарат шығару құрылғылары. Жүйелік блоктың моделіне қарай бейнеадаптер біріктірілген (жүйелік платада орнатылған) немесе PCI-Express ағытпасына орнатылатын плата түрінде орнатылған болуы мүмкін. Жүйелік блоктардың біріктірілген бейнеадаптерлерімен жабдықталған кейбір модельдері кейіннен неғұрлым өнімді бейнеадаптерді PCI-Express қосымша слотына орнатуға мүмкіндік береді.

Дыбыс адаптері

Дыбысты акустикалық жүйелерге (дыбыс бағаналарына) немесе құлақпаптарға шығару құрылғылары. Жүйелік блоктың моделіне қарай екіден сегізге дейін дыбыстық бағанаға қосуға және 7.1, 5.1 схемалары бойынша DVD-сападағы дыбысты ойнатуға болады. Сонымен қатар дыбыс адаптері дыбысты микрофон арқылы жазуға мүмкіндік береді.

Желілік адаптер

Жергілікті желіге (мысалы, Интернетке тұрақты қол жеткізу үшін кәсіпорынның жергілікті есептеу желісіне немесе үйдегі жергілікті желіге) қосылу үшін жүйелік блокқа 10 немесе 100 Мбит/с жылдамдықпен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін желілік адаптер орнатылған, ал кейбір модельдерде жылдамдығы 1 Гбит/с (1000 Мбит/с) желілік адаптерлер орнатылуы мүмкін.

Енгізу-шығару порттары

Әртүрлі сыртқы енгізу-шығару құрылғыларын қосу үшін жүйелік блок енгізу-шығару порттары жинағымен жабдықталған. Моделіне қарай енгізу-шығару порттарының жинағы әртүрлі болуы мүмкін.

- PS/2 пернетақта мен тінтуірді қосуға арналған (екі порт).
- USB құрылғылардың кең спектрін қосуға арналған (жүйелік блоктың моделіне қарай екіден сегіз портқа дейін).
- VGA және/немесе DVI мониторды қосуға арналған.
- HDMI мониторды/теледидарды қосуға арналған.
- DisplayPort мониторды қосуға арналған.
- TRS ағытпасы дыбыс бағаналарын, құлақпапты және микрофонды қосуға арналған.
- RJ-45 порты Ethernet жергілікті желісіне қосуға арналған.

Жабдықты қосу

- Жұмысқа дайындағаннан кейін жүйелік блокқа негізгі тораптарды қосу қажет. Қалыпты жұмыс үшін негізгі жабдықты: тінтуірді, пернетақтаны, мониторды және күштік кабельді қосу жеткілікті, бірақ кейде қосымша жабдықтарды да (шеткергі жабдықты) қосу қажет болады.
- Жабдықты қосу қиынға соқпайды, құрылғылардың барлық ағытпалары қосу кезінде қателесу мүмкін болмайтындай етіп дайындалған.
- Егер ағытпа ұяға салынбаса, ағытпаның ұяға сәйкес келетінін, және ағытпада майысқан түйіспе істіктердің немесе бөтен заттардың болмауын тексеріңіз. Ыңғайлы және оңай болу үшін, Сіздің жүйелік блогыңыздың артқы панелінен шығып тұрған ағытпалардың түсі көбінесе жүйелік блокқа қосылатын құрылғының сымдары мен кабельдерінің түсіне сәйкес келетіндей етіп таңбаланған.
- Шеткергі құрылғыларды қосқан кезде сақ болу қажет. Компьютердің құрамдас бөліктерін қосуды мұқият, барлық ағытпаларын қисайтпай, сенімді бекітіп жүргізу қажет, кабельдерді шамадан тыс майыстыруға болмайды, кабельдің майысу радиусы оның 2-3 диаметрінен аз болмауы тиіс. Егер ағытпалардың бекіткіш бұрамалары болса, оларды шамадан тыс күш салмай тартыңыз. Ұзын кабельдерді ақырын орап (әрқайсысын бөлек), бекітіп қойыңыз.

Мониторды қосу

DisplayPort/HDMI кабелін қосу тәртібі

1. DisplayPort/HDMI кабелінің бір ұшын DisplayPort/HDMI мониторының ағытпасына қосыңыз.
2. DisplayPort/HDMI кабелінің екінші ұшын сіздің ДК артқы панеліндегі DisplayPort/HDMI портына қосыңыз.
3. Құат кабелінің көмегімен мониторды электр розеткасына қосыңыз.

VGA/DVI кабелін қосу тәртібі

1. VGA/DVI кабелінің бір ұшын монитордың VGA/DVI ағытпасына қосыңыз. Ағытпаның түсіп кетуіне жол бермеу үшін оны штаттық бұрамалармен бекітіңіз.
2. VGA/DVI кабелінің бір ұшын сіздің ДК артқы панеліндегі VGA/DVI ағытпасына қосыңыз. Ағытпаның түсіп кетуіне жол бермеу үшін оны штаттық бұрамалармен бекітіңіз.
3. Құат кабелінің көмегімен мониторды электр розеткасына қосыңыз.

Акустикалық жүйені (дыбыс бағаналарын, құлаққапты) қосу

Дыбыс адаптерінің және дыбыс бағаналарының моделіне қарай қосылу әртүрлі болуы мүмкін. Дыбыс бағаналарына қоса берілген нұсқаулыққа сүйеніңіз, және жүйелік блоктың артқы панеліндегі аудиоағытпалардың белгіленімдерін қадағалаңыз.

Біріктірілген дыбыс адаптерлері бар көптеген жүйелік платалары қосылатын аудиожабдықтың түрін автоматты түрде тануы және дыбыс бағаналарын немесе құлаққапты дұрыс қосу бойынша визуалды кеңестерді көрсетуі мүмкін.



Ескертпе

Егер жүйелік картада дыбыстық карта қосымша орнатылған болса, біріктірілген дыбыстық контроллерді BIOS мәзіріндегі тиісті опцияның көмегімен сөндіруге болады.

Заманауи дыбыстық платаларда ағытпалар функцияларын қайта программалау мүмкіндігі көзделген.



Ескертпе

Жүйелік блоктардың кейбір модельдері SPDIF дыбыс шығарудың цифрлық портымен жабдықталуы мүмкін. Мұндай портқа тиісті декодермен жабдықталған дыбыс бағаналарын ғана қосуға болады. Цифрлық қосу Dolby Digital (немесе AC3, 5.1) стандартының неғұрлым сапалы дыбысталуына мүмкіндік береді.

Пиктограмма/қолы	Түс	Сипаттамасы
Digital Out (Цифрлық шығыс) / Center–Subwoofer (арналар: орталық және сабвуфер)	Сары	Көп арналы акустикалық жүйелерді қосуға / орталық арнаға және сабвуферге арналған күшейткіші қосуға арналған
Line In (Сызықтық кіріс)	Көгілдір	Музыкалық орталықты, Mini–дискілер ойнатқышын және басқа дыбыс сигналы көздерін қосуға арналған
Mic In (Микрофондық кіріс)	Қызғылт	Микрофонды қосуға арналған
Line Out (Фронталды шығыс)	Ашық жасыл	Белсенді дыбыс бағаналарын, аудиошығысы бар сыртқы күшейткіші қосуға арналған, құлаққапты қосуға болады
Rear Out (Артқы шығыс)	Қара	Белсенді дыбыс бағаналарын, аудиошығысы бар сыртқы күшейткіші қосуға арналған
Ойын/Midi порты	Сары	Midi-құрылғыларды және ойын манипуляторларын қосуға арналған

Басқа құрылғыларды USB порттарына қосу

Қазіргі уақытта USB интерфейсі сыртқы құрылғыларды дербес компьютерге қосудың ең таралған интерфейсі болып табылады. Осы интерфейс арқылы қосылатын құрылғылардың толық емес тізбесі мынадай:

- пернетақта;
- тінтуір;
- джойстиктер;
- принтерлер;
- сканерлер;
- цифрлық фотоаппараттар, флеш-жад құрылғылары;
- ұялы телефондар.

Сіз өзіңіздің дербес компьютеріңізге бір мезгілде қоса алатын құрылғылар саны USB порттары санына байланысты.

Бір мезгілде қосылған құрылғылардың максималды санын көбейту үшін бір USB портына бірнеше құрылғыны қосуға мүмкіндік беретін USB-концентраторды (бөлек сатып алынады) пайдалануға болады.

Егер Сіздің компьютеріңізде қосылған құрылғының түрін автоматты түрде анықтай алатын операциялық жүйе (мысалы, Windows 7/8/8.1/10) орнатылған болса, Сізге қосымша программалық қамтымды орнатудың керегі жоқ.

Жергілікті желіге қосу

Дербес компьютерді жергілікті желіге (LAN) қосу үшін, RJ–45 ағытпасы бар бір кабельді жүйелік блоктың артқы панеліндегі тиісті LAN портына, екінші ағытпасы LAN розеткасына немесе роутердің тиісті ағытпасына қосыңыз.

Электр қуатын қосу

Сіздің жүйелік блокқа барлық интерфейс кабельдерін қосқаннан кейін, шеткергі құрылғылардың бүкіл кешенін кернеуі 220 В және жиілігі 50 Гц электр қуат беру желісіне қосу қажет.

Жүйелік блоктың қуат блогында кернеу ауыстырғышы болған жағдайда, оның 230 V күйіне ауыстырылғанына көз жеткізіңіз. Содан кейін жүйелік блокқа қуат кабелінің бір ұшын жүйелік блоктың артқы панелінде орналасқан қуат ағытпасына, ал екінші ұшын электр розеткасына қосыңыз.



Электр желісіне қосылу дұрыстығын тексеріңіз

Ешбір жағдайда, жүйелік блокты кернеуі 220 В электр желісіне қосқан кезде кернеу ауыстырғышын 115 V позициясына орнатпаңыз, өйткені қуат блогы істен шығады. Бұл ретте жүйелік блок дұрыс пайдаланбағандықтан, кепілдікті жөндеу жүргізілмейді.



Ескерту

- Электр тогы соқпауы үшін үшін кабельді қуат блогына қосар алдында электр қуат кабелінің айыры розеткаға қосылып тұрмағанына көз жеткізіңіз!
- Электр қуат кабелін майыстырмаңыз және ширатпаңыз!
- Қуат блогына қосу кезінде кабельге шамадан тыс күш салмаңыз, оны тек қолыңызбен ғана сұғып-суырыңыз!

Жұмысты бастау

Компьютерді қосу

ДК қосу үшін оның жиынтығына кіретін және электр қуат беру желісіне қосылған барлық құрылғыларды қосу қажет.

Компьютердің барлық құрылғыларын мынадай ретпен қосыңыз: алдымен жүйелік блок, содан кейін сыртқы құрылғылар қосылады. Сөндіруді кері ретпен жүргізіңіз.

Егер барлық құрылғылар желілік сүзгі, тұрақтандырғыш немесе үздіксіз қуат көзі арқылы қосылса, алдымен желілік сүзгінің, тұрақтандырғыштың немесе ҰҚК қуат ауыстырғышын қосу қажет. Бұл ретте электр қуат беру индикаторы жарқырауы тиіс.

Жүйелік блоктың қуатын қосу үшін POWER батырмасын басыңыз. Басқан кезде шамадан тыс күш салмауға тырысыңыз. Электр қуаты дұрыс қосылған кезде алдыңғы панельдегі индикатор жарқырауы тиіс. Барлық сыртқы құрылғыларды осылайша қосыңыз (қосу пернелерінің орналасқан жерлерін сыртқы құрылғылардың жиынтығына кіретін құжаттама бойынша тексеріңіз).

Өзін-өзі тестілеу программасы және базалық енгізу-шығару жүйесі (BIOS)

Жүйелік блок қосылған кезде POST (Power-On Self Test) деп аталатын арнайы ішкі өзін-өзі тестілеу программасы орындала бастайды.

Сіздің компьютеріңіз арнайы сақтау құрылғысында жазылған базалық енгізу-шығару жүйесі (BIOS Basic Input/Output System) көмегімен конфигурацияланған, бұл жүйе жүйелік блоктың бастапқы жүктелуін жүргізеді, негізгі енгізу-шығару құрылғыларын басқаратын программаларды қамтиды. Жүйелік блоктың конфигурациясы туралы ақпарат CMOS RAM жадтау құрылғысында сақталады. Қосқан кезде жүйе белгіленген мәндерді пайдалана отырып конфигурацияланады.



BIOS параметрлерінің өзгеруі туралы ескерту

Қажет болған кезде Сіз осы мәндерді өзгерте аласыз, дегенмен аталған процесс белгілі бір біліктілікті және әрбір параметрдің функцияларын анық түсінуді қажет етеді. Егер Сіздің даярлығыңыз жеткілікті болмаса, кеңес алу үшін білікті мамандарға хабарласыңыз.

Аппараттық құралдардың конфигурациясын өзгерту үшін немесе жүйелік блокты жүктеу кезінде іркіліс болған жағдайда, экранда BIOS Setup программасын іске қосу қажеттілігі туралы ескерту хабарламасы пайда болады.



Ескерту

Кейбір параметрлерді дұрыс орнатпау компьютердің жұмыс қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Өзін-өзі тестілеу программасы (POST) компьютер қосылған сайын орындалады. Ол процессорды, жадты, жүйелік платаны, бейнеадаптерді, монитордың, пернетақтаның, дискжетектердің және компьютердің басқа компоненттерінің қосылуын тексереді.

POST программасы сәтті орындалған жағдайда BIOS Setup теңшелімдер үтилитасында тағайындалған тасығыштардың (компакт-дискілер жетегі, қатты диск, қатты денелі жинақтағыш (SSD)) біреуінен операциялық жүйенің жүктелуі басталады. Көптеген жағдайларда операциялық жүйе қатты дискіде орнатылған болады және оны жүктеу үшін ешқандай арнайы әрекеттер жасаудың қажеті жоқ.



ДК іске қосылған кезде іркіліс

Егер POST программасы сәтті аяқталмайтын болса, жүйелік блок дыбыстық сигналдар сериясын шығаратын болса/мониторда бос экран/қате коды көрсетілетін болса, ДК-ні қуат көзінен ажыратып, білікті көмек алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Операциялық жүйе

Дербес компьютердің қалыпты жұмыс істеуі үшін қатты дискіге операциялық жүйені (ОЖ) орнату қажет.

Сіздің компьютеріңізде Windows тобының ОЖ танысу нұсқасы, не толыққұнды лицензиялық ОЖ орнатылған болуы мүмкін. Жұмыс барысында Сізге электрондық көмек жүйесі (Help) қолжетімді болады, оны F1 пернесін басу арқылы шақыруға болады.

Егер операциялық жүйе орнатылмаған болса немесе басқа ОЖ орнатқыңыз келсе, қажетті операциялық жүйені орнату бойынша нұсқаулықты орындаңыз. Әрі қарай барлық рәсімдерді алдын ала орнатылған Microsoft Windows 10 Home операциялық жүйесі мысалында қарастыратын боламыз.

Тек лицензиялық программалық қамтымды ғана пайдалануға қатал кеңес береміз.

Тек осы жағдайда ғана Сіз программалық қамтымның жұмысы мәселелері бойынша техникалық қолдау ала алатын боласыз, және сізге құрылғылардың барлық қажетті драйверлерінің дұрыс орнатылғанына және жүйенің дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік беріледі.

Қосылған жабдықты іздеу және драйверлерді орнату

Компьютерді бастапқы қосу кезінде немесе жаңа жабдықты қосқан кезде операциялық жүйе оны анықтап, өз кітапханасынан немесе Windows жаңарту орталығынан қажетті драйверлерді орнатуға тырысады. Драйверлерді орнату әрекеті сәтті орындалмаған жағдайда, драйвері орнатыла алмаған құрылғының жеткізушісіне хабарласу қажет.

Программаларды орнату және іске қосу

Егер Сіздің компьютеріңізде алдын ала орнатылған операциялық жүйе бар болса, оның жиынтығына жалпы мақсаттардағы бірнеше қосымша (мәтін редакторы, графикалық редактор, ойындар) кіреді.

Программаларды орнату




Интернет желісінен

Программаларды тек сенімді дайындаушылардан және сенімді веб-сайттардан ғана жүктеп алып орнату керек.

- Веб-браузерден программаға берілген сілтемені таңдаңыз.
- Программаны жүктеп алу үшін **Сақтау** немесе **Қалай сақтау** опцияларын таңдаңыз. Антивирустық программалардың көпшілігі, мысалы, Windows Қорғаушысы, жүктеу кезінде программада вирустардың бар-жоғын тексереді.
- **Сақтау** батырмасын басқан кезде программа файлы «Жүктелгендер» папкасында сақталады.
- **Қалай сақтау** батырмасын басқан кезде сіз файл сақталатын жерді, мысалы, жұмыс үстелін таңдай аласыз.

Microsoft Store-дан

Microsoft Store-дан қосымшалар алудың екі тәсілі бар .

1. **Іске қосу**  мәзірінен **Microsoft Store**  тақташасын таңдаңыз.
2. Міндеттер панелінен **Microsoft Store**  белгішесін таңдаңыз.


Компакт-дискіден немесе DVD-дан

Егер орнату автоматты түрде басталмаса, программаны орнату файлын табу үшін (әдетте ол Setup.exe немесе Install.exe деп аталады) дискіге өтіңіз. Орнатуды бастау үшін файлды ашыңыз.

1. Дискіні компьютерге салып, экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз. Сізге әкішмі құпиясөзі керек болуы мүмкін.
2. Егер орнату автоматты түрде іске қосылмаса, автоматты іске қосылу параметрлерін тексеріңіз.
3. Міндеттер панеліндегі іздеу өрісінде Автоматты түрде іске қосу параметрлерін енгізіңіз, содан кейін алынған нәтижелер тізімінен оларды таңдаңыз.
4. Автоматты түрде іске қосу үшін «Қосу» мәні таңдалғанына көз жеткізіңіз.
5. Сонымен қатар алынбалы тасығыштар мен жад карталары үшін автоматты түрде іске қосудың әдепкі параметрлерін таңдауға болады.

Программаларды іске қосу

Қажетті қосымшаны іске қосу үшін мынадай әрекеттерді орындаңыз:

1. Міндеттер панеліндегі **Іске қосу**  батырмасын басыңыз.
2. Көрсеткінің көмегімен қажетті қосымшаны таңдаңыз және оны іске қосу үшін тілтірудің сол жақ пернесін басыңыз.

Жұмысты аяқтау

Қайта жүктеу

Бұл ретте осы сәтте орындалып жатқан барлық қосымшалар өз жұмысын аяқтап, операциялық жүйе қайта жүктелетін болады. Жүйенің толық қайта жүктелуін қажетті қосымшалар іске қосылмай немесе дұрыс орындалмай тұрған жағдайда ғана, жүргізген жөн.

Ұйқы режимі

Бұл режимде электр энергиясы өте аз тұтынылады, компьютер жылдамырақ іске қосылады, және сіз тоқтаған жеріңізден бастап жұмысыңызды жалғастыра аласыз. Батареяның заряды таусылса да, енгізілген өзгерістерді жоғалтпайсыз. Windows жұмысыңызды автоматты түрде сақтайды және батарея заряды төмен деңгейде болған кезде компьютерді сөндіреді.

Гибернация

Бұл мүмкіндік арнайы ноутбуктер үшін әзірленген және барлық ДК-лерде қолжетімді бола бермейді.

Гибернация режимінде компьютер ұйқы режиміне қарағанда азырақ энергия тұтынады. Қосқаннан кейін сіз жұмысты тоқтата тұру сәтіне ораласыз (ұйқы режимінен кейінгідей жылдам болмаса да).

Сіз ноутбукты немесе планшетті ұзақ уақыт пайдаланғыңыз келсе, ал батареяны қосымша зарядтау мүмкіндігі болмаса, гибернация режимін пайдалану ұсынылады.

Жұмысты аяқтау

Бұл ретте осы сәтте орындалатын барлық қосымшалар өз жұмысын аяқтап, компьютер сөндіріледі, сондықтан жүйелік блоқты сөндіру алдында Сізге маңызды деректерді сақтау үшін барлық программалардың жұмысын өзіңіз аяқтағаныңыз жөн болады. Кейінгі қосу кезінде операциялық жүйе толық жүктеле бастайды.

Құрылғыны күтіп ұстау

Пайдалану барысында, Сіздің үйіңіздегі кез келген басқа тұрмыстық техника сияқты, ДҚ де шаң-тозаңнан тазалап отыруды қажет етеді. ДҚ ластануын азайту үшін арнайы антистатикалық қаптарды пайдаланған жөн. Компьютерді сөндіргеннен кейін ДҚ құрамдас бөліктері және құрылғының шеткергі бөліктерін олармен жабу қажет.

Тазалау алдында ДҚ сөндіріліп, желіден ажыратылуы тиіс. Шаңдануына қарай, бірақ айына кемінде бір рет, ДҚ құрамдас бөлшектерін (пернетақта, тінтуір, монитор және т.б.) сабынды суда жібітілген таза жұмсақ түксіз матамен сүртіңіз, немесе есептеуіш техникаға арналған арнайы тазалау құралдарын пайдаланыңыз.

Тазалағаннан кейін, ішке кездейсоқ кірген ылғал кеуіп үлгеруі үшін, компьютерді 1-2 сағат сөндірмей тұра тұрыңыз.

Жылына бірнеше рет, қоршаған ортаның шаңданғанына қарай, жүйелік блоктан шаңды жойып жүріңіз. Жүйелік блокты ішінен тазалау үшін, жұмсақ құрғақ қылқаламды пайдаланыңыз. Қылқаламмен жеңіл қимылдай отырып, кеңейту платалары мен аналық платаның электрондық схемаларынан шаңды кетіріңіз, содан кейін шаңды біржола жою үшін «тар шүмек» саңылау қондырмасы бар шаңсорғышты пайдаланыңыз. Шаңсорғыштың қондырма-шөткелерін пайдаланбаңыз, өйткені бұл жүйелік блок тораптарына зиян келтіруі мүмкін.



Жемір жұғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Беттерді тазалау үшін этил спиртин, ацетонды, бензинді, керосинді, скипидарды және т.б., сондай-ақ құрамында осы өнімдер, хлор қосылыстары және басқа жемір химиялық элементтер бар тазартқыш сұйықтықтарды пайдаланбаған жөн. Бұл әрекеттер пластмасса бөлшектердің деформациясына және компьютер корпусы бөлшектері жабынының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қандай да бір ақаулықтар немесе іркілістер анықталған кезде оны электр желісінен ажыратыңыз және, құрылғының корпусын ашпай, авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Сервис орталығына жүгіну алдында жүйелік блок жұмысы бұзылғандығының сырттай қалай байқалатыны туралы ақпарат дайындаңыз: қосқан кездегі дыбыс сигналының сипаты, монитор экранына қателер туралы хабарламалар шығуы, жұмыс істеу кезінде қалыпты жұмысының бұзылғаны байқалатын программалар және т.б. Толық ақпарат жүйелік блок жұмысының бұзылу себепін іздеу мерзімін және оны қалпына келтіру мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Жаңғырту (ДҚ бастапқы жиынтықталымына кірмейтін қосымша құрылғыларды орнату, немесе бар құрылғыларды заманауи құрылғыларға ауыстыру) қажет болған кезде, кепілдік мерзімі кезеңінде өндірушінің сервис орталығына жүгінген жөн.

Сервис орталығына жүгінер алдында құрылғының қатты дискінде сақталған, Сіз үшін маңызды ақпараттың резервтік көшірмесін жасауды ұсынамыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблеманың мәні	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компьютер іске қосылмайды (индикаторлар жанбайды).	Желіде кернеу жоқ.	<ul style="list-style-type: none"> Желіде кернеудің болуын тексеріңіз. Егер желілік сүзгі немесе ҮҚК пайдаланылатын болса, олардың да қосылғанына көз жеткізіңіз.
Компьютер қосылады, «Power» индикаторы жанады, ал операциялық жүйе жүктелмейді. Мониторда «Boot disk failure» немесе «Non system disk or disk error» жазуы пайда болады.	Операциялық жүйенің жүйелік файлдарының зақымдануы.	Операциялық жүйенің жүйелік файлдарын қайта орнатыңыз немесе қалпына келтіріңіз.
	Қатты диск дұрыс конфигурацияланбаған немесе ақаулы.	Қатты диск BIOS Setup-та анықталатынын тексеріңіз. Егер олай болмаса, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
Компьютер қосылады, «Power» индикаторы жанады, ал операциялық жүйе жүктелмейді. Жүйелік блок қысқа және ұзақ гүлдер комбинациясынан тұратын үзік-үзік дыбыс сигналын шығарады.	Толымдаушы бөліктердің жұмысындағы іркіліс.	Жүйелік блокты электр желісінен ажыратып, 2-3 минут күтіңіз, жүйелік блокты электр желісіне қосып, қуат батырмасын басыңыз. Егер жағдай қайталанса, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
Компьютер іске қосылады (индикаторлар жанады), бірақ мониторда бейне жоқ.	Монитордың жұмысы дұрыс емес.	<ul style="list-style-type: none"> Монитордың электр желісіне қосылуын тексеріңіз. Монитордың жүйелік блокқа қосылуын тексеріңіз. Монитордың ашықтық және кереғарлық теңшелімдерін тексеріңіз.
Монитордың экранында CMOS Checksum Error хабарламасы пайда болады. Компьютер сөндірілгеннен кейін күні мен уақыты жаңылысады.	CMOS батареясының заряды таусылды. Батарея ақаулы.	Батареяны ауыстырыңыз, BIOS Setup көмегімен параметрлерді теңшеңіз (аналық платаға берілген құжаттаманы қараңыз).

Сақтау және тасымалдау ережелері

- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80 %-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны дұрыс тасымалдауды (тасуды) қамтамасыз ету үшін мынадай талаптарды сақтау қажет:
 - құрылғының жұмыс қабілетін және сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстығына көз жеткізіңіз (қиын жерлерін гофрленген қатырмамен төсеп, полиэтилен немесе көпіршікті үлдірге ораған жөн);
 - құрылғы көлік құралы ішінде жылжып кетпес үшін, оны белдіктермен сенімді бекітіп қойыңыз;
 - сыртқы ортаның әсерін толық болдырмау үшін жабық көлікті ғана пайдаланыңыз;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптамамен өте абай болуды қамтамасыз етіңіз;

- күрт соғылу мен құлаудан сақтаңыз;
- жаңбырдың немесе дымқыл қардың астында қалдырмаңыз;
- қораптың үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.

Өткізу және кәдеге жарату ережелері

- Құрылғыны сату жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Бұның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың ден-саулығына болуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы біршама толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервисті орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: «ДНС Ритейл» ЖШҚ.

690068, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы, 155-үй, 3-корпус, 5-офис.

Телефон +7 (423) 279-04-19.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Ресейде жасалған.

Бұйымның Мемлекеттік сертификаттау жөніндегі орган берген сәйкестік сертификаты бар. Сертификат туралы ақпарат бұйым қаптамасының заттаңбасында көрсетілген.

Тауар Кеден одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер мен өнім туралы ақпарат пайдаланушыға алдын ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

Нақты интерфейс осы нұсқаулықта келтірілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі адрес: www.dex.p.club

Өндіру күні құрылғының заттаңбасында және қаптау қорабының заттаңбасында көрсетілген.



Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілді қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану шарты сақталған болса, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай. Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша: <https://www.dns-shop.ru/service-center/>
Кепілдікті міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтығына кірмейтін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (Қашықтан басқару пульты) арналған қуат беру элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған ұластырғылар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін программалық қамтым (БК) мен драйверлер (соның ішінде бұйымның қатты магнит дискілеріне жинақтағышқа алдын ала орнатылған ПҚ, бірақ онымен шектелмейді), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау айлабұйымдары, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.

Өндірушіге мынадай жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталса.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзғаны, бұйымды орнату мен қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (бұйымның өзіне, сондай-ақ онымен түйіндес бұйымдарға сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсер етуі нәтижесінде пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамағаны салдарынан бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моралдық және өзге де зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Бұйымды пайдалану барысында болған механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін уәкілеттік берілмеген тұлғалардың өзгерту, рұқсат етілмеген жөндеу іздері байқалса. Егер ақаулық бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгерту, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғыларды қосу, Ресей Федерациясының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан пайда болса.
- Егер бұйымның ақаулығы еңсерілмейтін күш (табиғи апаттар, өрт, су басу, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа жағдайлар) әсерінен, немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақаулық бұйымның ішіне бөтен заттардың, бөгде денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкеп соққан жемір орталар, жоғары ылғалдылық, жоғары температуралар әсерінен туындаған болса.
- Бұйым сәйкестендірілмесе немесе (сериялық нөмірі) сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды программалық қамтымының әсерінен; ПҚ жеткізушісі тарапынан сәйкесінше қызмет көрсетілмейтіндіктен, бұйымның программалық ресурстарына қатынау бұзылатындай етіп, арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою салдарынан туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулықтары қуат беретін, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигналдық қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желіні қолдану шегінде немесе аймағынан тыс пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әр түрлі ақпарат тасығыштарын (оның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (ауендер, графика, видео және басқа да файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Осы бұйыммен түйіндес жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.

www.dexp.club